

Ө. ОРАЛБАЕВ

АҚЫН НҰРЛАН ОРАЗАЛИН ПОЭЗИЯСЫНДАГЫ ЗАМАНА ШЫНДЫҒЫ

Қазақ өлеңінің сан ғасырлық тарихында үзілмей келе жатқан дәстүр – замана тынысын кен ауқымда көрсету, дәуір тудырған оқиғалар мен өзгерістерді айту, бейнеллік пен көркемдіктің ара жігі ажырамас бірлігі, ерлік пен өрліктің, батырлық пен батылдықтың буындас жүйесі замана сынынан сүрінбей өтіп, біздің уақытымызға өзінің бар-болмысын барынша сақтай жетті. «Қобыланды батыр» бастаған батырлар галереясы Алпамыспен астасып, Ер Тарғын мен Қамбарға, Қарасай-Қази мен Орак-Мамайға, Қырымның қырық батырына, одан қала берді, ерлік пен маҳаббаттың телқоныр туындылары Қозы Көрпеш пен Баян сұлуға, Қызы Жібек пен Төлегенге, олардан кейін туған ғашықтық дастандар мен лиро-эпостық жырларға көшті.

XV–XVIII ғғ. тізгінің үзбей жеткен қазактың қаңарман да көшелі жырлары одан кейінгі замандарда Қазтуған мен Асан қайғыға, Досмамбет пен Шалқиизе, Жилембет пен Марғасқаға, Ақтамберді мен Тәтіқараға, Үмбетей мен Бұқарға, одан берідегі ақындар көшіне жетіп, ғасырдан-га- сырға озып, қазақ жырын биік кияларға әлі жетелеп келеді. Көнілі таза көшпенділер поэзиясы ортағасырлық жыраулық поэзияның ең озық үлгілері болды.

Осы кезеңдегі ақындардың сөз саптауы, жыр төгуі батырлық пен жыраулықтың өзара тіндес рухынан болса, одан кейінгі ақындардың, Шал, Көтеш т.б. жырлары жана ырғак, кара өлең стиліндегі көнігі жырларға келіп иек артады. «Қазақ даласындағы азаттықшыл ақыл-ойдың бас сардарларының сана-тында айбынды ақын Махамбет алдымен ауызға ілінеді. Оның жан-жүректі түгел баурап алатын өжет те өктем жырлары әлі күнге дейін сай-сүйегінді сырқыратар бостандық дұғасында пәрменді естіледі. Олар күні кешеге дейін бізді Елдікке, Тенідікке, Бостандыққа шақырып келсе, енді соларды мәңгілік баянды ететін Бірлікке, өркениеттік Өрслілік пен рухани Кемелдікке шақырады», – деп жазды белгілі жазушы Әбіш Кекілбаев («Шандоз». «Атырау-баспа», 2003. 367-б.).

Осы арман мен мақсат бүгінгі күнде дейін қазақ сөз өнеріне мәңгілік мұрат, өлмес дәстүр болып жетті. Өзінің кемел туындыларымен кенес әдебиетінің алдыңғы қатарында болған қазақ поэзиясы қай ке-зенде де ата-баба арманының аңсарын бір сәтке де үмітқан жок.

Оны замана көштерінде толқын-толқын болып келген әр кезеңдегі поэзиялық көрнекті шығармалардан жазбай көреміз. «Қазақ лирикасында үлкен көркемдік жаналық ашып, соны әсемдік арналарды негізделеп, әсіресе Еуропа, орыс әдебиетіндегі ізденістерді, бағыттарды ұлттық топыраққа батыл да еркін ендірген Мағжан эпикалық жанранда поэмалың ықшам формаларын қалыптастыруды», – деп жазады академик Рым-ғали Нұргали (*Рымғали Нұргали*. Өуезов және алаш. Алматы: Санат, 1997. 102-б.).

«Қазіргі қазақ поэзиясына оқыған, білімді ақындар келе бастады» деген пікір туған кезеңнен бастап, қазақ поэзиясы түр, мазмұн, тақырып, идея мен ой жағынан биік белескес көтеріле бастады. Жалпы казақ поэзиясының бүгінгі шық-қан асқары ТМД елдері әдебиестінің алдыңғы катардағы авангарды десек, артық айтқандақ емес. Қазақ поэзиясы – осылайша мәңгілік мектеп қалыптастырудан поэзия.

Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкіл-дерінің кай-кайсысы да осы мектептен өсіп шықты. Осы мектептің тарихи сабағын алды, үйренді, үлгі алды. Тек қана үйреніп, үлгі алып қойған жоқ, бұрынғы бар мектепті одан әрі тақырыптық-мазмұндық, көркемдік-идеялық жағынан барынша кемелдендірді. «Көркем әдебиет – өмір оку-лығы» деген Чернышевский анықтамасы осы ойға дөп келеді. Өйткені, әдебиет адамның ақыл-ойын түзейді, қалыптастырады, адамға өмірдің сан кылышау мен ренін түсіндіреді, сол арқылы адамды жақсыға, жаңаға, асыл мұраттарға үндейді. Сол себепті де, әр ақын өз оқырманының ұстазы, тәлімгері, қажет болатын болса, шынайы досы, шыншыл жолдасы. «Жазушы мен сыншы халықтың эстетикалық талғамын арттыруда бірдей жауапты», – деп академик, сыншы Серік Қирабаев жазғандай, көркемсөз иесі көңілдегі көрікті ойын көпке жеткізуде ешқашан жауапкершілік сезімін төмөндетпеуі тиіс (Серік Қирабаев. Уақыт және қаламгер. Әдеби жинақ. «Биік талаптар» мақаласы. Алматы: Жазушы, 1973. 82-б.).

Бүгінгі қазақ поэзиясының қай өкілі жөнінде де әңгіме қозғағанда, жалпы қазақ өлеңінің арғы дәуірден бастау алатын көне соқпағы мен сартап сүрлеуін шолу ретінде болса да еске түсіру – қазақ

жырының мәнгілік қуаты мен құнарының қайдан шығып, қалай жеткенін аз да болса еске түсіру. Қай заманда да қаламгердің халық алдындағы, өз уақыты алдындағы үлкен жауапкершілігін сезініү қажеттігін еске салу. «Қолына қалам ұстаған зиялы қауым М.Әуезов шығармашылығынан нәр алып, Мұхандай халқы мен Отаны алдындағы жауапкершіліктен таймауы туіс, өз елі мен халкының болашағына қызмет істеуі керек», – дейді Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев (*Нұрсұлтан Назарбаев. Қалың елім, қазағым. Алматы: Өнер, 1998. 278-б.*).

60-шы жылдардың басында, әдеби-мәдени тарихымызда «жылымық» кезеңдер деген атау-мен енген тұста қазак әдебиетіне, соның ішінде қазак поэзиясына бір шоғыр аса талантты тол-қын келіп косылды.

Сағи Жисенбаевтың, Тұманбай Молдағалиев-тің, Қадыр Мырза Әлидің, Жұмекен Нәжімеде-новтің, Төлеген Айбергеновтің, Мұқағали Мақатаевтың, Шәміл Мұқамеджановтың, Бекен Әбді-разақовтың, Мұхтар Шахановтың, оларға ілесе, соғыстан соң тұғандар деген атпен әдебиет тарихына енген келесі толқын Жарасхан Әбдірашев-тің, Кеңшілік Мырзабековтің, Темірхан Медет-бековтің, Иранбек Оразбаевтың, Серік Тұрғын-бековтің, Тынышбай Рахимовтың, Исраил Сапарбаевтың, Құләш Ахметованның, Жұматай Жақыпбаевтың, олардың ізін ала енсе тікстей бастаған елуінші жылды туған тұлектердің, бір шоғыр талантты ақындардың, одан кейінгі арқалы дүбірмен 60-шы жылдары туған ақындар дүниеге келген 60-шы жылдары өмір есігін ашқан жас, дарынды толқынның, одан берідегі 70-80 жылдардағы дүбірлі топтың, тіпті күні кешегі, тәуелсіздік ту көтерген кезеңде туу туралы күәліктерін алған балауса балғын толқынның өкілдері уақыт төрөшілік жасауға камданған бүгінгі ақындық-аламан бейгіде құйрық-жалы тістесіп, қазақ даласын қуаты жырдың дүсірімен оятып, жыр көрігін қыздырып келеді. Қазіргі қазақ поэзиясының, жалпы дәстүрлі, классикалық қазақ жырының әдебиетке 70-ші жылдары келген талантты тол-қындарының ішінде өз үні, өзіндік поэтикалық бояуы, өзіне тән айту машиғы мен жеткізу тәсілі бар дарынды ақындарымыздың бірі – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері Нұрлан Оразалин.

Бұл зерттеу енбекте ақын Нұрлан Оразалин поэзиясындағы замана шындығы мен сол сарынды берудегі ақынның тақырыптық-көркемдік ізденістері сөз болды. Ақынның уақыттыңын көрсетудегі

өзіндін тәсілі мен көркемдік тұрғыдан алған тақырыбын игерудегі ізденістері басты назарға алынды.

Ақын және заман. Ақын және ақырат. Осына телқоныр терең ұфымдардың астарында көп сыр, көшелі пайым жатыр. Оны оқырман өлеңдерден тапса, ғылыми сараптамада ол жетістіктер қаламгердің болмысы мен бітімін, оның өлең қекжиегіндегі өзіндік орнын бағамдау мақсат болады.

Біздер, қалқам, өлең атты елденбіз,
Жауыннанбыз...
Қайғыданбыз...
Желденбіз...
Мәңгіліктің үрлеп мәңгі майданын,
Фасырлардың қойнауынан келгенбіз.

Жүргімен күндіз-тұні от өрген,
Кермекті артық көретүгін шекерден.
Қалқам, біздер өлең атты елденбіз,
Ақындықтың ауыр жүгін көтерген.

Нұрлан Оразалин бұл жырын 1991 жылдың шілдесінде жазған. Осы өлеңді зер салып, зерделеп қарасақ, сөз басында біршама айтылған ақындық тарих пен ақындық эстафета туралы авторлық аннотация бар. Ақын бүгінгі күн мінбесінен сөз алып тұрып, мойнындағы азamatтықтың ауыр жүгін жауапкершілікпен көтеріп келе жатқанын терең сезінген сеніммен серт сөйлеп тұр. Бұл қаламгердің карабайыр ұраны да, желге шығар-ған жыр-эні де емес, бұл ақындық азап пен тозаққа, жауапкершілік пен міндетке пейіл берген, пейіл беріп қана қоймай, өлең атты қасиетті өнердің қыр-сырын қапысыз сезінген, ұзак жылдар бойы әр сәтті тенеу, саликалы ой үшін маңдай терін сыйырған сарабдал ақынның шын сөзі.

Жалында!
Көз ілесепс көк беренім,
Жалынсыз бықсығанды жек көремін.
Озсам да... озбасам да...
Дәл осылай

Мен қалған өмірінді өткөремін, – деген ақынның алғаусыз сырына қапысыз сенесің (*Нұрлан Оразалин. Қоздағы шоқ. Алматы: Атамұра, 2008. 151-б.*). Ақын Нұрлан Оразалин әдебиетке өзінің сыршыл да сезімтал даусымен келген қаламгер. Оның алғашкы өлеңдері, университет қабырғасында жазылған жырлары өзі-нің ішкі әуз, сырнайдай сыршыл сазымен сол кездің өзінде-ак өз оқырмандарына жаңылмай жеткен болатын.

Тәнірім нұрын токкенде,

Боянар түске көгал ман.
Жазбаган жырлар көп менде,
Жырлар да көп-ау жоғалған...

... Жазбаган жырлар көп менде,
Жырлар да көп-ау жоғалған.
Ақын боп тұған көктемде,

Ақын боп өлеек жоқ арман, – деп «Сырнайты шақтың» шымылдығын ашқан Нұрлан ақын сол алғашқы жыр жинағында-ак ақындық кредитын мәні мен мақсатын, алыс күндерге сапарының қызындығы мен қызығын, жыр жолындағы журдек күндердің жауапкершілігін шын сезінген жас еді. Ақындық сапарын алғаусыз адал сезім мен кіршікіз сенімге суарған Н. Ора-залиннің алғашқы балан жырлары, өсіресе, сол кезде жастардың арасында ерекше бір леп танытты.

Талайлар қамығып іздеген,
Бұл шындық курсес пе?

Елес пе?
Шиыры бітпейді бізбенен,
Сеземін, тіршілік – егесте.

... Бұл шындық... курсес пе?
Елес пе?

Гасырлар, дәүірлер іздеген.
Сеземін, мәнгілік егесте,

Сапары бітпейді бізбенен (*Нұрлан Оразалин. Таңдамалы туындылар. Алматы: Атамұра, 2008. 1-т. 23-б.*)

). Замана сапары бір адамның ғұмырымен шектелмейді. Оған талай ұрпақтың тарихы күэ. Бірақ әр ұрпақ, әр буын оған тек өзінің ғана қолтаңбасын салады. Өнерімен, өлеңімен, қажет болса, өлімімен. Бәріне ортақ бір ғана қасиет бар: ол – жауапкершілік.

Уақыт, заман алдындағы ақындық жауапкершілікті терен сезіну сол ақынды қайраткер тұлғаға айналдырады. Бірақ оған өуел бастан ақындық азamatтық болмыс іргетас болуы шарт. Жоғарыда үзінді келтірілген жыр екінші сөзбен айтқанда ақындық серт пен ақындық анттың поэтикалық тұрғыда көрінуінің бір түрі. Қандай ақын болса да өнер жолын бағдарда бата алады, өзіне серт беріп, жүрер жолын айқындағап алады. Бұл қазақ поэзиясында ғана емес, жалпыадамзаттық кадам. Тіпті жалпы өнер атаулыға тән қадам.

«Біздің заманымыз – өткен заманың баласы, келер заманың атасы» деп ұлт кеменгері Ахмет Байтұрсынов айтқандай, ақын қай кезеңде де өз заманының кескін-келбетін сомдайды. Ал ол шығармаларында қалай көрінеді, оқырманың қалай илан-дырып, сендіреді ол да ақынның қалам күшіне, ақындық диапазонының тарлығы мен көндігіне, көніл көзі мен сенім саңлауының айқындығы мен

ашықтығына сын.

Кезінде, 70-ші жылдардың басында, ақынның жастар арасында хит ретінде қабылданған, яғни «мода – өлең» бол қеңінен таралған «Тұнгі ырғақтар» атты өлеңі әлі де оқырман құлағын елең еткізіп, өзінің самал желдей әдемі де жұмсақ, әуенде де ерке ырғағымен жүректі баурайды, көнілді жаулайды:

Оңымнан соққан жел ме екен,
Солымнан соққан жел ме екен,
Салғырттау жүрген кезімде,
Сабылып қайдан келді екен?

Жалын боп жалап өтті не,
Әртөніп кетсем, не дермін?!
Жасын боп түнде көк тіле,
Жарқ ете түссе, не етермін?!

Оңымнан соққан жел ме деп,
Солымнан соққан жел ме деп,
Созылып жатқан белдермен,
Қашар ма едім өрмелеп?!

Куанып, толқып сол шақта,
Көзімнің жасы моншақта,
Жығылар ма едім кеудене,
Тытылар ма едім кеудене,
Кеудене сениң жан сақтап?!

Оңымнан соққан жел ме деп?!
Солымнан соққан жел ме деп?!

(*Оразалин Н. Таңдамалы туындылар. Алматы: Атамұра, 2008. 1-т. 132-б.*) Осы өлеңнің ішкі музыкасы, әуені мен ырғағы ақынның бұдан кейінгі күллі поэзиясын негізгі сазды желісіне айналды. Жалпы өлең өзінің ішкі дауыс әле-мінсіз, сөздін сазы мен сұлу ырғағының жүрекке жете бермейді. Тіпті кара сөздің өзінде ішкі ырғақ, тылсым музыка барынталай әдебиет зерттеушілері де, атақты ақындар да сан рет айтып, сан рет жазған.

Өмірge мынау
Оле бір ғашық болмасаң –
Өлең де, жыр да, болмас эн.
Өзегін талған кезде егер,
Шалғынды кепіп,
Шашаны шыққа малмасаң;
Аязда, карда тоңбасаң,
Жауында ойға шомбасаң,
Сүймесең желді,
Мінбесең жүйрік,
Көрмесең тауды, даланы,
Бұрықылдап ізде жолда шан –
Өмірge мынау

Оле бір ғашық болмасаң... (*Нұрлан Оразалин. Таңдамалы туындылар. 1-т. 65-б.*). По-

эзияның күші мен құдыреті де осында, ол өмірге құштарлық, ғашық болу. Өмірдің мөні мен мазмұнын тереннен түсінуге, байыптаған түсінуге, барлап сүйсінуге негізделген. Ақынның заман алдындағы, қоғам алдындағы, керек десеніз өзінің ар-ұжданы алдындағы жауапкершілігі мен міндепті оның ақындық көркемдік қуаты мен ақындық шеберлігіне тікелей тәуелді. Сондыктан да жалпы оқырман қауым, немесе әдеби орта шартты түрде ақындарды «жаксы ақын», «нашар ақын» не болмаса талантты, талантсыз ақын деп бөліп жатады. Ақынды жас ақын, карт ақын деп бөлу де тым шартты. Ақын сезімге келгенде қашанда жас, көнілге келгенде қашанда ояу, ақыл-ойға келгенде әрқашан қартқария. Әйткені ол адам жанының бағбаны, адам көnlінің айнасы, уақыт жанының ыстық-суығын, ауа райын көрсетіп тұратын баға-бараметрі.

«Асылы, лирикалық шығарма ақынның көніл күйіне құрылады дегенбіз; ақын онда өзін, өз сезімі мен сырын жырга айналдырады, өзі туралы сөйлейді. Ал «ұлы ақын өзі туралы, өзінің жеке «мені» туралы айтса, ол – жалпы көпшілік туралы – бүкіл Адам баласы туралы айтқаны; әйткені оның тұлғасында жалпы Адам баласына тән қасиеттің бері бар» деп В. Белинский жаз-ғандай (Белинский В. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1987. 37-б.). ақын өзінің басындағы мұн мен сырды айтып отырғандай көрінгенмен, ол мұн мен сыр оқырманға да жат емес, тіпті кейде оның ішкі жан дүниесімен тереннен қа-бысып, алыстан табысып, ақын мен оқырман арасындағы рухани байланыс телепатиялық байланысқа жетеді.

Демек, Нұрлан Оразалин – өз заманының болмыс-бітімін шынайы зерделеген, дәуір тынысын өзіндік тақырыптық-көркемдік шеберлікпен көрсеткен қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі.

ӘДЕБИЕТ

1. Назарбаев Н. Қалың елім, қазагым. Алматы: Өнер, 1998. 278-б.
2. Оразалин Н. Таңдамалы үш томдық туындылар. Алматы: Жазушы, 2006.
3. Кекілбаев Ә. Шандоз. Атырау: «Атырау-баспа», 2003.

367-б.

4. Қирабаев С. Уақыт және қаламгер». Әдеби жинақ. Алматы: Жазушы, 1973. 82-б.

5. Белинский В. Шығармалары (қазақ тілінде). Алматы: Жазушы, 1987. 37-б.

6. Нұргали Р. Әуезов және алаш. Алматы: Санат, 1997. 102-б.

Резюме

Разносторонне и научно обоснованы тематико-художественное своеобразие и художественное мастерство талантливого поэта современной казахской литературы, знатного лирика, лауреата Государственной премии Казахстана, Нурлана Оразалина, ярко заявившего о себе в конце 60-х и в начале 70-х годов. Показаны стиль и почерк, роль и место поэта Н. Оразалина в казахской поэзии, пути и формы обогащения его поэзии, методы и подходы в раскрытии тематики истины и правды современной жизни, общества, нашей эпохи, значимости его поэзии в современном мире. Его поэзия всегда актуальна, современна и ответственна. В статье об этом говорится на примере стихов поэта.

Summary

The article elaborates on thematic and creative peculiarities, as well as artistic mastership of Nurlan Orazalin. A gifted lyric poet, laureate of Kazakhstan's State Award, he rose to prominence in the late 1960s and early 1970s. The present study analyses the style and individual hand, the role and place of Orazalin in Kazakh poetry, tools and forms that enriched his poetry, his methods and approaches in exploring themes of truth in modern life, society, and age. Orazalin's poetry has always been up-to-date, contemporary and socially responsible. The article proves all these theses through investigation of his poems.

Әль-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университет

26.06.09ж. түскен